




KAZGUU
UNIVERSITY

Әссе жазудағы тиімді әдіс – тәсілдер

ф.ғ.к. доцент Дүсіпбаева Қ.С.



Автордың басты ойы және негіз болатын тұжырымдар, негіздер немесе дауласудағы кез келген тұжырымдар.





А Р Г У М Е Н Т

Пікір, ойдың немесе теорияның
ақиқаттығына келтірілетін дәлел.

Шынымен болған, ойдан шығарылмаған оқиға, жағдай, құбылыс; берік тағайындалған білім; қандай да бір болжамды тексеру болып табылатын қандай да бір қорытынды, түйін үшін қызмет ететін тәжірибедегі мәліметтер.



Венн диаграммасы



кластер

T-кестесі

бір-біріне қарама-қарсы («иә/жоқ», «келісемін/келіспеймін», «қарсымын/жақтаймын», «ішкі/сыртқы», «басы/аяғы», «маңызды/маңызды емес», «себебі/салдары» секілді) немесе салыстыруға болатын (мәселен, екі объект) ақпарат пен пікірлерді келтіруге арналған жазу кестесі.

Эссе дегеніміз (фр. тіл. *essai* -тәжірбие, лат.т. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда 1597 жылы Френсис Бэкон кітаптарын жазып шығарды.

Эссе екіге бөлінеді: 1) субъективті; негізгі мақсаты – авторды жан жақты ашу, таныту. 2) объективті; негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту.

Эссе түрлері

1. Сипаттамалық
2. Анықтамалық
3. Хабарламалық
4. Салыстырмалы
5. Дәлелдеме
6. Аргументтік
7. Әдеби

Сипаттамалық эссе

Сипаттамалық эссенің мақсаты адамның, жердің, заттың немесе дебаттың бейнесін сипаттау болып табылады. Детальдар арқылы оқырманға сипатталған затты елестеткізеді.

Анықтамалық эссе
Анықтамалық эссенің мақсаты –
дәлелдер, терминдер мағынасын
ашу.

Хабарлама эссе

Субъективтік көзқараспен оқиғаны сипаттау және бірінші жақта, өткен немесе осы шақта жазылатын эссе түрі хабарламалық эссе. Хроникалық реттілікте жазыла бермесе де, адамның тәжірибесі мен ойына сүйенеді. Әңгімешінің ойын және субъективтіліктің жалпы белгілерін бейнелеу - бұл эссенің басты мақсаты.

Салыстырмалы немесе кереғар эссе Салыстырмалы немесе кереғар эссенің мақсаты екі немесе одан да көп мәселелердің қарым-қатынастарын тарқатып жазу. Жалпы, басты мақсат – жеңіл-желпі айырмашылықтар мен ұқсастықтар табу жеткіліксіз екенін көрсету. Бірден көзге түсе бермейтін болса да, олардың арасындағы маңызды айырмашылықтар мен қатынастарын терең зерттеу нәтижесі көрсетеді.

Дәлелдеме эссе

Дәлелдемелік эссенің мақсаты - айтылған оймен оқырманды көндіру. Оқырманның зейінін аудартып, қатаң дәлелдер көрсету арқылы жазылады.

Аргументтік эссе

Аргументативтік эссе көбінесе қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарда жазылады. Аргументтер қолдайтын себептермен бірге берілуі тиіс. Қарсы ойларды көрсету немесе оларды жоққа шығару – бұл эссе типінің жалпы сипаттамасы.

Әдеби эссе

Әдеби эссе басқа эссе түрлеріне ұқсамайды. Біріншіден, ол әдеби шығармаларға негізделген. Екіншіден, автордың айтқысы келген идеяларын болжап түсінуге негізделген, яғни түсіндірмені қажет ететін пікірталас немесе жұмбақты табуды қажет етеді. Ол үшін тәжірибе керек. Таңдаған шығармаңызға басқа көзбен қарасаңыз, ерекше қолданылған әдеби жанрлар, күтпеген сюжеттер мен оқиғаларға, тіл ерекшеліктеріне толы болады.

Кіріспеде тақырыптың маңыздылығы мен өзектілі, тақырыптағы негізгі ұғымға немесе терминге анықтама бере отырып, басты мәселені көрсету керек.

Негізгі бөлім – негізгі ой мен мәселеге байланысты аргументтер жинақталған бөлім. Негізгі бөлімде дәлелдер, дәйектемелерді, түрлі статистикалық мәліметтер мен схемаларды қолданып, тақырыпты ашады, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсетеді.

Қорытындыда нақты және айқын тезистер келтіріліп, проблеманы шешуде қолдануға тұрарлық нақты ұсыныстар келтіріледі және ұсыныстар өмірде кездесетін ситуациялар тұрғысынан келтірілген, нақты өмірмен тығыз байланысты болады.

Түсінікті

«МЕН» ұғымы
тұрғысынан
жазу

Өзіндік пікір келтіру
лекция немесе
оқулықты
қайталамау керек

Біреудің пікірін
қайталамау

Ұстанған

ПОЗИЦИЯСЫ

T → тезис


A → аргумент

Ф → факт

T → талдау

T → тұжырым





көзқарасын жақтайтын бірнеше дәлелдер келтіру

дәлелдер эмоционалды және субъективті материалдарға сүйенбей, фактілерге негізделеді, олар өздерінің өміршеңділігі мен шынайылығымен оқырманның сенімін тудырады

қоғамда жаппай қабылданған құндылықтарға, кең тараған пікірлерге және беделді адамдардың көзқарастарына сілтеме жасау

өз пікіріне қарсы дәлел келтіріліп, ол өз позициясының артықшылықтарын келтірумен жоққа шығару

дәлелдер эмоционалды және субъективті материалдарға сүйенбей, фактілерге негізделеді, олар өздерінің өміршеңділігі мен шынайылығымен оқырманның сенімін тудыру керек

ақпарат көздерінің нақты көздеріне сілтеме жасайды (БАҚ, Интернет, арнайы әдебиет)

өз көзқарасының дәлелдері ретінде нақты мысалдар келтіруі тиіс

нақты және айқын түрде ұстанған көзқарасының қоғам өмірі үшін келтірілетін салдары, артықшылықтары немесе зардаптарын көрсету қажет

- сипаттау
- түсіндіру
- интерпретациялау
- аналогияларды келтіру
- салыстыру
- жүйелеу
- болжау, жорамалда,
- қорытындылау
- жалпылама тұжырымдар жасау
- себеп-салдарын анықтау
- жаңа түсінік құрастыру

- Бір бөлімде келтірілген идеялар екінші бөлімде тура сол қалпында қайталанбайды: өзгертілген, түрлендірілген қалыпта беріледі, дамытылады;
- Бөлімдер арасында логикалық байланыс байқалады, *«сонымен бірге»*, *«сөйтіп»*, *«сонымен»*, *«алайда»*, т.б. сияқты байланыстырғыш сөздер қолданылады.

«Дербес пікір» жазу тәсілі

Студенттерге сабақ соңында 7-8 минут ішінде қарастырылған мәселе бойынша келесідей құрылымдағы жазба жұмысын ұсынуға болады:

1. өзіндік пікір (ой, идея).
2. дәлел.
3. өз пікірін айғақтайтын мысал
4. өз пікіріне қарсы дәлел
5. қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
6. қорытынды.

Эссенің модификациялары

- **1) Көршінің сұрағына жауап.**
- Сабақ аяғында студенттер параққа бір сұрақ жазып, парақты оң жағында отырған серігіне береді, бұл сұраққа жазбаша жауапты серігі береді. Жазып болған соң, студенттердің өз сұрақтары мен жауаптарын жұптасып талқылағаны тиімді.
- **2) Сұрақтан басталып, сұрақпен аяқталатын эссе.**
- Эссе студенттің тақырып бойынша бір сұрағымен басталып, басқа сұрағымен аяқталуы мүмкін. Бұл жерде сұрақтардың адресаттары саналуан болу мүмкіндігін ескертіп кеткен жөн: сұрақтарды өзіңе, көршіңе, бүкіл аудиторияға, жеке адамға, оқытушыға, авторға, т.б. қоюға болады. Сұрақтар тіпті ешкімге де бағышталмауы мүмкін (риторикалық сұрақтар).
- **3) «Үшбу хат».**
- Эссенің сабақта қарастырған шығарма (идея, теорема, формула, кітап, т.б.) авторына хат формасында жазылуы да орынды. Хатты бүгінгі сабақ тақырыбы төңірегінде оқытушыға немесе аудиториядағы басқа бір студентке де жазуға болады.

Сұрақтар жұмыс бастамас бұрын

- Сіз қажетті ғылыми әдебиетті мұқият оқыдыңыз ба?
- Ақпарат көздерінен конспект бар ма?
- Тапсырманы толық түсіндіңіз бе?
- Берілген проблеманы шешуде өз ұстанымыңызды жан-жақты ойластырдыңыз ба?




Эссенің құрылымы бойынша сұрақтар

- Жоспар құрдыңыз ба?
- Эссе жазу жоспарыңыздың дәлелдеріңіздің ретіне сәйкес келеді ме?
- ТАФТТ құрастырдыңыз ба?




Кіріспеде

- Алға қойған мақсат пен міндеттерді сипаттау
- Проблема шешудің таңдап алған жолын негіздеу
- Терминдерге қысқаша сипаттама

- 
- Сіз негізгі деген бөлімдерді атауларына сәйкестендіріп жазудасыз ба?
 - Әр бөлімде ең ғана сұрақ қойып, оған жауап іздейсіз бе?
 - Әр бөлімде зерттеудің логикалық реттілігі мен бірізділігі қадағалана ма?
 - Сіз дәлелдерді ұтымды түрде қолданасыз ба?
 - Ақпарат көздеріне сілтемелерді дұрыс жасадыңыз ба?
 - Ой мен сөздің қайталануын болдырмай отырсыз ба?
 - Зерттеуіңіз тым жалпылама сипат алған жоқ па?
 - Өз пікіріңізді келтіруді ұмытқан жоқсыз ба?

- Қорытынды бөліміңіз қысқа әрі тақырыпқа сәйкес түрде нақты жазылды ма?
- Кіріспедегі проблема шешімін тапты ма?
- Ұсыныстар жаздыңыз ба?



Назарларыңызға
рақмет!



KAZGUU
UNIVERSITY